

Бұдан әрі Банк деп аталатын, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, бір тараптан және бұдан әрі Үкімет деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатындар мына төмендегілер туралы осы Қосымша келісімді жасасты.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 655 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: мынадай мазмұндағы 2.1.5-тармақпен толықтырылсын:

"2.1.5. Қор үшін ішкі нарықта және сол сияқты Банктің алтын-валюта активтерінің есебінен шетел валютасын сатып алуға.";

2 . 2 . 3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "Үкіметпен" деген сөз "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бірінші абзацтағы "(AAA/Aaa кредиттік рейтингі бар елдер қаржы рыногінің активтері)" деген сөздер алынып тасталсын;

2.2.4 және 2.2.5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2.2.4. Тоқсан сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне қағаз және электронды тасығыштарда есепті кезеңнен кейінгі 50 (елу) күнтізбелік күн ішінде, кейіннен есепті кезеңнен кейінгі 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен Қорды сенімгерлік басқару нәтижелері туралы тоқсан сайынғы есепті бере отырып, есепті кезеңнің соңғы күніне Қордың нарықтық құны, Қормен жасалған операциялар бойынша кірістілік, есепті кезеңде алынған кіріс мөлшері, есепті кезеңнің соңындағы Қор портфелінің құрамы, пайыздық ставкалардың өзгеру тәуекелінің ағымдағы мәні (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының мүшелеріне қарауға берілген) туралы ақпарат қамтылған Қорды сенімгерлік басқару нәтижелері туралы тоқсан сайынғы жедел есепті беруге;

Жыл сайын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне қағаз және электронды тасығыштарда есепті кезеңнен кейінгі жылдың 15 наурызынан кешіктірмей, кейіннен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен Қорды сенімгерлік басқару нәтижелері туралы жылдық есепті есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей есепті кезеңнің соңғы күніне Қордың нарықтық құны, Қормен жасалған операциялар бойынша кірістілік, есепті кезеңде алынған кіріс мөлшері, есепті кезеңнің соңындағы Қор портфелінің құрамы, пайыздық ставкалардың өзгеру тәуекелінің ағымдағы мәні (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының мүшелеріне қарауға берілген) туралы ақпарат қамтылған Қорды сенімгерлік басқару нәтижелері туралы жедел жылдық есепті беруге;

2.2.5. Қазақстан Республикасының Қор қызметін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерінде көзделген тәртіппен және жағдайларда кепілдік берілген трансферттерді

Қордан республикалық бюджетке аударуға";
мемлекеттік тілдегі мәтіні 2.2.9-тармақтағы "анықтауға" деген сөзден кейін ";"
белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 2.2.10 және 2.2.11-тармақтармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"2.2.10. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілеген тәртіппен
Қордың активтерін айырбастауды және қайта айырбастауды жүзеге асыруға;

2.2.11. Қор активтерінің бухгалтерлік есебін жүргізуді жүзеге асыруға және Банк
пен Үкімет арасында жасалатын Қордың бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық
есептілігін жасау туралы шартқа сәйкес Қорды сенімгерлік басқару нәтижелері
бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауға";

2.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 2 . 3 . Б а н к :

2.3.1. осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамау
салдарынан Қорға келтірілген шығындар үшін. Банк оған берілген өкілеттіктерін асыра
отырып немесе ол үшін белгіленген шектеулерді бұзумен жасасқан мәмілелер бойынша
міндеттемелерді Банк өз мүлкі есебінен алып жүреді;

2.3.2. осы шарттың 2.2.4-тармағында көзделген есептіліктерді уақтылы бермегені
ү ш і н ж а у а п т ы б о л а д ы . " ;

3.2.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.2.2. Банкке Қордың шоттарына түсетін түсімдер сомасының келесі айға арналған
болжамын ай басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға";

мынадай мазмұндағы 3.2.8. және 3.2.9-тармақтармен толықтырылсын:

"3.2.8. Банкке Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық
бюджетке кепілдік берілген трансферттің бекітілген көлемі туралы ақпаратты айларға
бөле отырып, республикалық бюджеттің түсімдері мен оны қаржыландырудың
жиынтық жоспары бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынуға.

Республикалық бюджетке түсетін түсімдер мен оны қаржыландырудың жиынтық
жоспарына өзгерістер енгізілген жағдайда осы өзгерістер туралы ақпаратты өзгерістер
енгізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банктің назарына жеткізуге;

3.2.9. Қорды сенімгерлік басқаруға байланысты жарияланатын барлық ақпаратты
Банкпен міндетті түрде келісуге.";

4 . 1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"заң кеңесшісінің қызметіне ақы төлеу;"

алтыншы абзацтағы "заңды кеңесшінің" деген сөздер "инвестициялық
консультанттың" деген сөздермен ауыстырылсын.

Банктің атынан
Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің атынан

*Ұлттық Банкінің
Төрағасы*

Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ